

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ И ГЕОГРАФИЧЕСКИХ НАУК
ACTUAL PROBLEMS OF NATURAL AND GEOGRAPHICAL SCIENCES**

ӘОЖ 911.375.2
ҒТАМР 39.21.02

<https://doi.org/10.51889/1728-8975.2023.75.1.011>

Н.Б. Рахманова, Д.Т. Алиасқаров

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

**ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:
МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР**

Аңдатпа

Бұл мақалада экономиканың, экологияның және әлеуметтік жағдайдың үйлесімді дамуын қарастыратын Тұрақты даму тұжырымдамасына, оның мақсаттарына назар аударылды. Әлем елдері дамуының бағдарына айналған тұрақты дамудың 17 мақсатына шолу жасалып, оның ішінде ТДМ 11 - «Тұрақты қалалар мен елді мекендер» дамуына ерекше мән берілді. Қалалар мен елді мекендердің тұрақты даму ықпалы жүзеге асуы керек екендігі жөнінде нақты критерийлер көрсетілді. БҰҰ-ның ТДМ перспективалық даму жоспарының қағидаттарын, алғашқылардың бірі болып өз экономикасына енгізе бастаған Қытай елінің тәжірибесіндегі тиімді шешімдеріне назар аударылды. Қытай елінің тұрақты дамуды қолдаудағы басқа елдерден ерекшелігі, оның экономика, көлік саласындағы атқарылып жатқан жұмыстары мен қалаларындағы негізгі тенденциялар, инновациялық даму бойынша шешімдері – шетелдік озық тәжірибелерге негіз болады. Урбандалудағы жаһандық трендтің Қазақстандағы көрінісіне шолу жасалып, «Экономикалық зерттеу институты» АҚ келтірген ақпараттары бойынша Қазақстанның 25 қаласының «экономика және бизнес», «адам ресурсы», «инфрақұрылым» факторлары бойынша өмір сүру сапасына талдау жасалып, әр топтағы көш бастаушы және өте төмен деңгейді көрсеткен қалаларға салыстырмалы талдаулар жасалды. «Тұрақты қалалар мен елді мекендер» атты мақсат біздің елде қалай жүзеге асырылып жатқандығын бақылау үшін, Алматы мен Стамбул қалаларының әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, қаржылық жағдайын көрсететін біршама Мерсер индексі секілді индикаторлар бойынша салыстырулар жасалды, әлсіз тұстары мен ұқсастықтары анықталды. 2020-жылдың 6-ақпанында Астана қаласындағы Назарбаев Университетінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының «Урбанизация Қазақстандағы инклюзивті және тұрақты дамудың үдеткіші ретінде» тақырыбындағы баяндамасында еліміздегі урбандалу үдерісіне, елдің адам даму индексындағы орнына берілген сипаттамаларға мысалдар келтірілді. Қорытынды ретінде Қытай елінің және Стамбул қаласының тұрақты дамудағы энергетика, көлік салалары бойынша озық тәжірибелерінен бірнеше ұсыныстар әзірленді.

Түйін сөздер: тұрақты даму мақсаттары, қалалар, Мерсер индексі, қалалық ортадағы өмір сүру сапасы, жаһандық урбандалу трендтері.

*Рахманова Н.Б., Алиаскаров Д.Т.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ: ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ

Аннотация

В данной статье основное внимание было уделено концепции устойчивого развития, ее целям, рассматривающим гармоничное развитие экономики, экологии и социальной ситуации. Проведен обзор 17 Целей устойчивого развития, ставших ориентиром развития стран мира, в том числе особое внимание уделено развитию ЦУР 11 - «Устойчивые города и населенные пункты». Были продемонстрированы конкретные критерии, по которым города и населенные пункты должны быть обеспечены устойчивым развитием. Акцент был сделан на принципах перспективного плана развития ЦУР ООН, эффективных решениях на практике страны Китая, которая одной из первых начала внедрять в свою экономику. Отличительная черта Китая от других стран в поддержке устойчивого развития, его основные тенденции в экономике, работе и городах в сфере транспорта, решения по инновационному развитию – основа передового зарубежного опыта. Проведен обзор проявления глобального тренда урбанизации в Казахстане, проведен анализ качества жизни по факторам «экономика и бизнес», «человеческий ресурс», «инфраструктура» 25 городов Казахстана по информации, приведенной АО Институт экономических исследований, проведен сравнительный анализ городов, показавших лидирующие и очень низкие уровни в каждой группе. Для наблюдения за тем, как в нашей стране реализуется цель «Устойчивые города и населенные пункты», были проведены сравнения по таким индикаторам, как индекс Mercer, показывающий социальное, экономическое, экологическое, финансовое состояние городов Алматы и Стамбул, выявлены слабые места и сходства. 6 февраля 2020 года в Назарбаев Университете г. Астаны в докладе Программы развития Организации Объединенных Наций на тему «Урбанизация как ускоритель инклюзивного и устойчивого развития в Казахстане» были приведены примеры процессов урбанизации в нашей стране, характеристик, приведенных в индексе человеческого развития страны. В заключение было разработано несколько предложений из передового опыта Китая и города Стамбул в области энергетики и транспорта в устойчивом развитии.

Ключевые слова: цели устойчивого развития, города, индекс Мерсера, качество жизни в городской среде, тенденции глобальной урбанизации.

*Rakhmanova N.B., Alyaskarov D.T.
Abay Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan*

SUSTAINABLE URBAN DEVELOPMENT IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION: PROBLEMS AND SOLUTIONS

Abstract

In this article, the main attention was paid to the concept of sustainable development, its goals, considering the harmonious development of the economy, ecology and social situation. A review of 17 Sustainable Development Goals, which have become a benchmark for the development of countries around the world, was conducted, including special attention paid to the development of SDG 11 – «Sustainable cities and human settlements». Specific criteria were demonstrated by which cities and settlements should be provided with sustainable development. The emphasis was placed on the principles of the long-term development plan of the UN SDGs, effective solutions in practice of the country of China, which was one of the first to introduce into its economy. The distinctive feature of China from other countries in supporting sustainable development, its main trends in the economy, work

and cities in the field of transport, innovative development solutions are the basis of advanced foreign experience. A review of the manifestation of the global trend of urbanization in Kazakhstan was conducted, an analysis of the quality of life by the factors «economy and business», «human resource», «infrastructure» of 25 cities of Kazakhstan was carried out according to the information provided by the Institute of Economic Research JSC, a comparative analysis of cities that showed leading and very low levels in each group was carried out. To observe how the goal of «Sustainable Cities and settlements» is being implemented in our country, comparisons were made on indicators such as the Mercer index showing the social, economic, environmental, financial condition of the cities of Almaty and Istanbul, weaknesses and similarities were identified. February 6, 2020 at Nazarbayev University Astana in the report of the United Nations Development Program on the topic «Urbanization as an accelerator of inclusive and sustainable development in Kazakhstan», examples of urbanization processes in our country, characteristics given in the country's human development index were given. In conclusion, several proposals were developed from the best practices of China and the city of Istanbul in the field of energy and transport in sustainable development.

Keywords: sustainable development Goals, cities, Mercer index, quality of life in an urban environment, trends in global urbanization.

Кіріспе. Қаланы үлкен ресурстарға ие, көптеген шығармашылықтың, әртүрлі эксперименттердің, жаңа идеялар мен инновациялық жетістіктердің, білім және тәжірибенің алмасу ортасы деуге болады. Сондықтан қалада тұрғындар дамиды, білім алады, тұлға ретінде қалыптасады және өмір сүреді. Урбанизация мен қалалар халықаралық аренада барған сайын оң назар аударуда, бұған «Қаланың салтанаты: біздің ең үлкен өнертабысымыз бізді қалай бай, ақылды, жасыл, сау және бақытты етеді» [1] «Егер әкімдер әлемді басқарса: жұмыс істемейтін мемлекеттер, өсіп келе жатқан қалалар» [2] және «Қалалар сіз үшін жақсы: мегаполистің данышпаны» [3] мақалалары дәлел бола алады.


2015 жылы БҰҰ саммитінде әлемдегі ең өзекті мәселелер негізінде 17 мақсатты қамтитын Тұрақты даму бағдарламасы жасалған болатын [4]. Бәрімізге белгілі, осы уақытқа дейінгі даму үдерісінде ресурстардың шектеулі және қалпына келтіруге көп уақыт кететіндігі жайлы білсек те, көбірек пайда табуға жұмыс жасадық, оның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салдарына баса назар аударылмады. Нәтижесінде осы салаларда әртүрлі мәселелер туындады. Енді осы өзекті мәселелерді бірлесіп шешу және алдын алу мақсатында осы перспективалық бағдарлама енгізілген болатын. Бағдарламада көрсетілген мақсаттарға 193 елдің көшбасшылары келісімін білдірді [5]. Соның ішіндегі 11-мақсат «Тұрақты қалалар мен елді мекендер» деп аталады және осы мақсат айналасында дүниежүзі елдері қандай істер атқарып жатқандығы, қалалар мен елді мекендердің тұрақты дамуы қалай болу керектігі жөнінде осы мақалада сөз ететін боламыз.

ТДМ шеңберіндегі басты жаңалық-қазіргі негізінен урбанизацияланған әлемдегі барлық жерде тұрақты даму үшін даусыз маңызы бар қалалық аймақтарға баса назар аудара отырып, алғаш рет субұлттық мақсатты енгізу [6, 7]. Тұрақты болу үшін қала, оның өзгеруіне тең, қала жерін қалпына келмейтін ресурс ретінде барынша пайдалана отырып, шынайы қатысу негізінде тұтас жоспарлануы керек және сонымен бірге пассивті энергетикалық құралдар арқылы ішкі орта үшін тиісті құпиялылыққа кепілдік береді [8]. Бірнеше жыл бойы тұрақты қала дамуының алдыңғы қатарында болған қала ретінде Швецияның астанасы Стокгольм бүкіл әлемге танылды және мақтауға ие болды (Bradley, Hult және Cars 2013; Lindström және Lundström 2008). Халт (2013, 84) [9] бұл жаһандық тануға Швецияның консалтингтік және инженерлік фирмасы Sweco Швеция Үкіметінің тапсырысы бойынша 2002 жылы Йоханнесбургте өткен дүниежүзілік саммит үшін әзірлеген тұрақты қала тұжырымдамасы ықпал етті деп мәлімдейді [10].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақаланың зерттеу материалының негізін қалалардың тұрақты дамуын зерттеп жүрген теоретик ғалымдар мен ғылыми ұйымдардың зерттеу жұмыстары, талдау, жүйелеу, тұжырымдау негізіндегі әдістер басшылыққа алынды. Әсіресе, «Тұрақты дамудың» негізгі қағидаттары мен ұстанымдары басшылыққа алынды:

- қалалардың тұрақты дамуы оларды өміршең етеді, бейімделуге, қолайсыз әсерлерді азайтуға, оң әлеуметтік-экономикалық және экологиялық өзгерістерді ынталандыруға қабілетті;
- тұрақты даму - қаланың салауатты дамуының барлық аспектілерін қамтиды және қаржы-экономикалық, әлеуметтік және экологиялық проблемаларды шешуді қамтамасыз етуі тиіс;
- «Қалаларды тұрақты дамыту» бастамасы Еуропа мен Орталық Азия өңіріндегі қалалардың тұрақтылығын арттыру міндеттерін шешуде қалалар мен мемлекеттік бағдарламаларға қолдау көрсетуді көздейді [11].

Осы қағидаттар негізінде айтар болсақ, қалалардың тұрақты дамуы – бұл бірнеше жылға жоспарланған және әлемнің кез келген қаласының тұрақты түрде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыда дамуына көмектеседі. «Қалалардың тұрақты дамуы» ол тұрғындардың қауіпсіз және жайлы өмір сүруіне барлық жағдайдың жасалуы десек қателеспейміз. Дүниежүзілік Банк өзінің ресми парақшасында жариялаған мақаласында 4 негізгі бағыттың жиынтығынан пайда болған «қолданбалы білімді тарату жөніндегі қауымдастық» тұжырымдамасы тұрақты даму мәселелері бойынша қолданылған 8 тақырыптық модульді ұсынады (1-сурет):



Сурет 1 – Дүниежүзілік Банктің ресми сайтындағы жарияланған мақаладан қазақшаға аударылды [11]

1-суретте 8 модуль қарастырылған және әрқайсысы тікелей бір бірімен байланысты дамиды. Әр модульге жеке анықтама және мысалдар келтірілген, соның ішінде мысалы қалалық көлік модулінде қаладағы қоғамдық көліктің роліне баса назар аударады, яғни қалада халық саны өскен сайын көлікке деген сұраныстың артуы, ал көлік ол атмосфераны ластаушы көзі екенін есептесек, демек, қоғамдық көліктерді тиімді қолданудың, ластану салдарын азайтудың жолдарын қарастыруды көздейді.

Зерттеу нәтижелері және талқылаулар. Қытай тәжірибесі. Қалалардың тұрақты дамуы тұрғысынан мысал ретінде Қытай елінің урбандалу деңгейі мен қарқыны қаншалықты деңгейде және қалаларында тұрақты даму қаншалықты көрініс табуда сол жағынан қарастырып көреміз. Қытай 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібіне үлкен мән береді. Қытай Сыртқы істер министрлігі 43 үкіметтік ведомстводан тұратын ведомствоаралық үйлестіру механизмін құруға жетекшілік етті. Қытай сонымен қатар 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібін іске асыру бойынша ұлттық бағдарламаны әзірлеген әлемдегі бірінші ел [12] бұл бағдарлама 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібін Қытайдың орташа және ұзақ мерзімді даму жоспарларымен

біркелкі үйлестіреді. Отандық ғалымдар мен ірі ғылыми-зерттеу институттары ТДМ-ны оқшаулау бойынша зерттеулерді белсенді түрде алға тартты және әрбір ТДМ-ны өлшеп, бақылап отырды [13]. Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаментінің 2020 жылдың «Мемлекеттердің урбандалу деңгейі» рейтингі бойынша Қытай 60,3% құрап, 97-орынға ие болса, Қазақстанның урбандалу деңгейі 57,5% көрсетіп, 104-орынға, ал Қытаймен іргелес жатқан Үндістан 34,5% урбандалу деңгейімен 161-орында орналасты. Қытайдың бұл көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен болғанымен урбандалу тарихын ескерсек, әлдеқайда жоғары өсімнің болып жатқандығын көруге болады.

Қытай басқалардан қарағанда инвестицияларды көптеп тарту нәтижесінде алғашқылардың бірі болып тұрақты даму мен жасыл экономикаға көшуді бастаған болатын. Қытайдың бұл жолдағы өзгерісі мен әдісі басқа еуропалық елдерге ұқсамайтын өзіне тән ерекшеліктерге ие болды:

- біріншіден, индустрияландыруға қарсы күрес тұрақты дамудың қытайлық түсіндірмесіне кірмейді, керісінше, олардың дамуы экологиялық мәселелерді шешу тәсілі ретінде қарастырылады.

- екіншіден, мемлекет елдің құрылықтық аудандарын дамытады, елдің оңтүстігінен солтүстігіне су тасымалдау, көлік желісін кеңейту сияқты инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырады, ескі аудандардағы жер құнын арттыру және Ұлттық экологиялық стандарттарды қатаңдату арқылы өндірістік кәсіпорындарды жаңа өнеркәсіптік аудандарға көшіруді ынталандырады.

- Үшіншіден, тұрақты даму Қытайда жарқын әлеуметтік аспектке ие (кедейлікпен, урбанизацияның өсуімен күрес) [14].

Қытай мемлекеті «тұрақты даму + инновация + технологиядағы жетістік» формуласымен даму үстінде деп айтсам қателеспейміз. Себебі, қазіргі таңда тұрақты даму қарсаңында дәстүрлі энергиядан бас тартып, мөлшерін азайтып, баламалы энергия көздерін қолдануға көшуде, тек қана қолданып қоймай осы салаға көптеген инвестицияларды салып, жетік технологияларын шетелдерге экспорттауда. Осы жұмыстардың нәтижесін әлемдегі баламалы энергияның рейтингтерінен де көруге болады. Мысалы, гелиоэнергетика (күн энергиясы) бойынша Қытай Германиядан кейінгі екінші орын болса, ал су және жел энергиясы бойынша алғашқы орындарды алып келеді. Басқа да елдер Қытайдың баламалы энергетикасының қарқынды дамып жатқандығын алға тартады. Негізгі даму реттілігі бойынша жел, су және күн энергиясын айтуға болады.

Көлік саласындағы тұрақты даму. Қытайдың көлік саласындағы тұрақты дамуын бес сөзге сыйғызуға болады:

- Әмбебап;
- Ыңғайлы;
- Таза;
- Ақылды;
- Сенімді.

Әрқайсысын қысқаша талдап көрсек, көлік саласындағы «әмбебаптылығы» оның барлық көлік желісінің жоғары деңгейде байланысқандығы және қолжетімділігімен сипатталады. Қытайдың жоғары жылдамдықты теміржол жүйесі миллионер қалалардың 95%-дан астамын қамтиды. Жедел жолдар 200 000-нан астам тұрғыны бар 98%-дан астам қызмет көрсетеді, ал аудандық деңгейдегі қалалардың 92%-ы азаматтық әуежайларға қол жеткізе алады [15]. Тіпті, пойыздардың жылдамдығы мен үздік темір жолдары жөнінен әлем елдерінде алғашқы орындарды иеленгенінен көруімізге болады. Ал, көлік желісіндегі «ыңғайлылығын» жыл сайын ауылдық елді мекендер мен ірі қалаларды байланыстыратын көлік инфрақұрылымының қарқынды дамуы және аэропорттардың салынуымен дәлелдеуге болады. Аэропорттардың саны жөнінен Қытай алғашқы 15 елдің тізіміне кіреді. Бұл – жылдан жылға алыс елді мекенде тұратын жергілікті халықтың мобильділігін арттыруға көмектеседі. Көлік саласындағы «тазалығы» көліктер-

дің қарқынды түрде жаңа энергия көздеріне көше бастауынан көруге болады. Шанхай Линганның жаңа ауданында 8,5 шақырымдық интеллектуалды қоғамдық көлік желісі ашылды. Шамамен 30 минут бойы сағат тілімен жүретін ақылды тегін автобустарды пайдалану үшін мобильді қосымшаны жүктеу қажет [15]. Бұл өз кезегінде көлік жүйесінің «ақылдылығына» мысал бола алады. Ал, «сенімділігін» көлік инфрақұрылымындағы жалпы ірі апаттардың аз болуымен байланыстыруға болады. Қытай елі жолаушы мен жүктің өз дiттеген жеріне қауіпсіз жетуіне көп көңіл бөледі.

Қытай мемлекетінің қалаларының дамуындағы негізгі тенденциялар:

- Қаланы кластерлерге бөлу (агломерацияға / интенсивті дамудағы қала аймақтары);
- Қала географиясы мен функционалды зоналарға бөлу;
- «Ұлттық қалалық орталық» (Пекин, Шанхай, Гуанчжоу, Тяньцзинь, Чунцин).


Қалалардың дамуы қарқынды жүрген сайын елде қаланың функционалды зоналарына баса назар аударылуда. Мысалы, Пекинде қала құрылысы қаланың географиялық сипаттамаларын, тарихи дәстүрлерді, ресурстарды, функционалды қажеттіліктерді ескере отырып жүзеге асырылады. Пекиннің он бірінші бесжылдық даму жоспарына сәйкес қала төрт функционалды аймаққа бөлінеді: біріншісі – саяси және мәдени орталық, екіншісі – қаланы кеңейтетін және ұзартатын аумақтар, үшіншісі – өмір сүруге және демалуға арналған аймақ, төртіншісі – экологиялық аймақ [16]. Ірі қалалар мен елді мекендерді байланыстыру мақсатында қарқынды түрде құрылыстар жүріп жатыр, көлік инфрақұрылымы қарқынды дамуда, десе де қаланың экологиялық функционалды зонасына ешқандай құрылыс немесе басқа да әрекеттерге рұқсат бермейді.

Қытай Халық Республикасының тұрақты дамудағы іс-әрекеттерін қорытындылайтын болсақ, жалпы прогресс байқалады. Урбандалу үдерісі қарқынды бола бастаған сайын жаңа проблемалар туындауда, десе де қазіргі таңда жоғарыда атап өткеніміздей, бұл ел осы проблеманы кешенді түрде жаңа технологиялар көмегімен шешуге тырысып жатыр.

Урбандалудағы жаһандық трендтің Қазақстандағы көрінісі. Әлемдік урбандалу тренді Қазақстанда да көрініс табуда. Жыл сайын қала халқы мен қалалардың санының артуы байқалуда, сондай-ақ жалпы ішкі табыстың да көп мөлшерін осы ірі қалалар беріп жатқандығын байқауға болады. Осы тұрғыда «Экономикалық зерттеу институты» АҚ Қазақстан қалаларының өмір сүру сапасы мен жайлылығына баға беріп, мониторинг жасаған болатын. Бұл рейтинг 54 көрсеткіш 6 субфакторға топтастырылып және 13 категория негізінде жасалды. Ол категориялар төмендегіше:

1. Экономикалық өсім.
2. Материалдық әл-ауқат.
3. Еңбек нарығы.
4. Бизнес ортаны бағалау.
5. Қолданыстағы жұмыс күші.
6. Болашақтағы еңбек күші / білім.
7. Денсаулық сақтау.
8. Мәдениет, спорт және демалыс.
9. Көлік инфрақұрылымы.
10. Өмір сүру шарттары / жағдайы.
11. Қалалық ортаның жайлылығы.
12. Қауіпсіздік.
13. Қоршаған ортаның күйі [17].

«Экономикалық зерттеу институты» АҚ келтірген ақпараттары бойынша Қазақстанның 25 қаласының «экономика және бизнес», «адам ресурсы», «инфрақұрылым» факторлары бойынша өмір сүру сапасын көріп отырмыз (2-сурет).



Сурет 2 - Қалалардың факторлар бойынша рейтингі
«Экономикалық зерттеу институты» АҚ мониторингісі [17] негізінде құрастырылды

Үш фактор орташа көрсеткіші бойынша 1-орынды Астана (6,67), 2-орынды Алматы (5,67), ал ең соңғы 24-орынды Түркістан (4,13), 25-орынды Жаңаөзен (4,10) қалаларының иеленгендігін көре аламыз. Ал жеке факторлар бойынша салыстырсақ, «экономика және бизнес» факторында алғашқы позицияға Астана (7,43), Ақтау (7,23), Атырау (6,13) қалалары орналасса, ал соңғы позицияда Сәтпаев (3,33) және Жаңаөзен (2,97) қалалары қалып отыр. Ал, «адам ресурсы» факторы бойынша алғашқы үштікке Алматы (6,81), Астана (6,60), Орал (6,26) қалалары ие болса, ал соңғы үштіктен Балқаш (3,95), Екібастұз (3,43), Семей (3,42) қалалары көрінді. «Инфрақұрылым» факторы бойынша салыстырмалы талдауда көш басында Балқаш (6,28), Екібастұз (6,25), Степногор (6,16) қалалары болса, соңғы орындарға Алматы (4,40), Талдықорған (4,36), Шымкент (4,36) қалалары орналасты. Бұл талдаулар нәтижесінде біз қалалардың әлі күнге дейін өз мүмкіндіктерін толық пайдалана алмай жатырғандығын көре аламыз. Тіпті кейбір әкімшілік орталық функциясын атқаратын қалалардың көрсеткіштері кейбір моноқалалардың көрсеткіштеріне қарағанда әлсіз екендігін көре аламыз, бұл өз кезегінде қала халқының саны артып, урбандалу қарқыны жүре бастаса да қала тұрғындарына жайлы орта қалыптаспағандығын көрсетеді.

Алматы мен Стамбул қалаларын әртүрлі индекстер негізінде салыстыру. Тұрақты даму дүниежүзі қалаларында әртүрлі деңгейде іске асып, географиялық орны, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайының ерекшелігі бойынша түрлі жобалардың жасалып жатқандығы белгілі. Десе де, осы бағдарлама бойынша өзіміздің мегаполис Алматы қаласын Түркияның Стамбул қаласымен салыстыра отырып, әлсіз және мықты тұстары мен мүмкіндіктерін анықтағымыз келді (1-кесте). Сондықтан Mercer халықаралық компаниясының ақпараттары негізінде кесте жасалды. Әрине, Стамбул мен Алматы қаласының ауданы, халық саны бойынша бір бірінен ерекшеленетінін білеміз, десе де Азиядағы менталитеті мен шаруашылығы, дәстүрі мен діні ұқсас болғандықтан нақты осы қаламен салыстырғанды жөн көрдік.

Кесте 1 – Алматы және Стамбул қалаларын әртүрлі индекстер негізінде салыстыру

Критерийлер	Стамбул	Алматы
<i>Ауданы</i>	5343 км ²	682 км ²
<i>Халық саны</i>	13,8 млн адам	2 135 365 адам
<i>Денсаулық сақтау индексі, (2022 ж.), (87,95 / 100)</i>	69, 27 / 124-орын	47,74 / 275-орын
<i>2019 ж. Мерсердің «өмір сүруге қолайлы қалалар» рейтингі [18]</i>	130-орын	178-орын
<i>Қауіпсіздік индексі (2022 ж.), (84,86/100)</i>	52,38 / 100	35,83 / 100
<i>Қылмыс индексі (2018 ж.)</i>	109-орын / 50.35	112-орын / 50.06
<i>Қалалардағы өмір сапасы, (2022 ж.), (225,26)</i>	218 / 96,13	226 / 84,53
<i>Ластану индексі (2022 ж.), (95,67)</i>	69,00 / 92-орын	77,97 / 51-орын
<i>Климат индексі (2022 ж.), (98,07)</i>	93,02 / 100	58,30 / 100
<i>Ең дамыған қалалар рейтингі 2020 ж. (экономикасы, адам капиталы, әлеуметтік біртұтастық, қаланы басқаруы, инфрақұрылым)</i>	43,03 / 129-орын	43,08 / 128-орын

1-кестеде көріп отырғанымыздай, қылмыс индексі, қалалардағы өмір сапасы және ең дамыған қалалар рейтингісі, яғни экономикасы, адам капиталы, әлеуметтік біртұтастығы, қаланы басқаруы мен инфрақұрылымы бойынша Алматы мен Стамбул қалаларында аз болса да ұқсастықтың бар екенін аңғарсақ, ал денсаулық сақтау, қауіпсіздік деңгейі, ластану және климат индексі мен 2019 ж. Мерсердің «өмір сүруге қолайлы қалалар» рейтингі бойынша үлкен алшақтық бар екенін көре аламыз. Салыстырмалы түрде барлық ең маңызды саналған индекстерде Стамбул басымдық танытуда. Ал, егер жекелей салыстыратын болсақ, Алматы қаласы денсаулық сақтау индексі бойынша 100-ден 47,74 көрсеткішпен 275-орынға, 2019 ж. Мерсердің «өмір сүруге қолайлы қалалар» рейтингісі бойынша 178-орынға ие болып, қауіпсіздік индексі бойынша әлем қалаларындағы орташа көрсеткіштен (84,86/100) біршама төмен (35,83/100). Бұл дегеніміз Алматы қаласында денсаулық сақтау, ластану, қауіпсіздік салалары бойынша жаңашыл, кешенді өзгерістерді қажет етеді дегенді білдіреді.

Қорытынды. Қазіргі таңда әлемде халық санының қарқынды өсуімен қатар урбандалудың да даму қарқыны үдей түскені байқалуда. Жыл сайын қала халқы мен қалалардың саны ұлғайып, олардың экономикаға қосып жатқан үлесі де артуда. Дүниежүзілік Банк секілді халықаралық ұйымдар урбандалудың әрі қарай да өсе беретіндігін, сол арқылы жаңа экономикалық карталардың пайда болатындығын алға тартуда.

2020-жылдың 6-ақпанында Астана қаласындағы Назарбаев Университетінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының «Урбанизация Қазақстандағы инклюзивті және тұрақты дамудың үдеткіші ретінде» тақырыбындағы баяндамасында еліміздегі урбандалу үдерісіне, елдің адам даму индексындағы орнына сипаттама бере отырып, урбандалумен байланысты туындап жатқан проблемаларға баса назар аударған болатын. Баяндамада Қазақстан қалаларының өмір сүру сапасы индекстері жөнінен бір-бірінен көп алшақтықтың бар екендігі, тіпті маңызды саналатын қалалардың кейбір факторлар бойынша артта екендігіне талдау жасай келіп, Қазақстанның қалалары өз әлеуетін дұрыс пайдалана алмайды дегенді ұсынды. Сондай-ақ, қалалақ елді мекендердің көбеюі қоршаған ортаның ластануы, көлік кептелістері, халықтың денсаулығына қауіп төндіруге, инфрақұрылымның, қоғамдық қызметтердің шамадан тыс жүктелуіне және тағы басқа проблемалардың туындауына алып келгендігін айтады. «Тиісті

басқару және ұтымды жобалау кезінде урбанизация Қазақстанның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуін жеделдетудің стратегиялық кілті бола алады. Жақсы ойластырылған саясат экономиканы әртараптандыруға, жұмыс орындарын құруға, қалалардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл ретте табыс теңсіздігімен, тұрғын үйдің қолжетімділігімен, көлік проблемаларымен және қоршаған ортаның ластануымен байланысты урбанизация тәуекелдерін теңестіреді», - деп атап өтті Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының Қазақстандағы Тұрақты Өкілі Якуп Бериш [19].

Қытайдың тұрақты даму бағдарламасын жүзеге асырудағы және Стамбул қаласының кейбір басымдықтарын ескере келе төмендегідей ұсыныстар әзірленді:

- Жалпы ластанудың алдын алу үшін баламалы электр энергия көздерін көбейту. Әлемдік энергетика (EES EAEC) деректері бойынша 2019ж Қазақстан энергетика құрылымын 83,8% ЖЭС, 11,6% СЭС , тек 4,6% ғана күн және жел электр станциялары құрайды. Күн мен желден энергетика өндіруде тек 2011-2012 жылдардан бастап қана іске аса бастады және жылдан жылға көбеюде, десе де салыстырмалы түрде бұл өте аз және әлеуетті өте әлсіз қолданудамыз.

- Көлік жүйесін ретке келтіру, метро бағыттары мен станцияларын көбейту, басқа да жаңа қоғамдық көлік түрлерін іске қосу, бұл Қытай елі мен Стамбул қаласы секілді көптеген проблемалардың кешенді шешімі болмақ. Егер қоғамдық көлікпен жүру тұрғындарға тиімді болатын болса жеке көліктерін көп қолданбас еді, салдарында ауа ластанбайды, көлік кептелістері азаяды.

- Мемлекеттен жергілікті қалалардың экономикалық потенциалын толық қолдануға мүмкіндік жасау үшін қаржы бөлу, жеке кәсіпкерлерге қолдау көрсету, монополияларды азайтып, әр сала бойынша бәсекелестікті арттыру

Тұрақты дамудың мақсатына сәйкес, қаланы адамдардың жайлылығы үшін өзгерту, дамыту керек. Қала өз тұрғындары тұрақты түрде болғанда ғана қала болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Glaeser, Edward L (2011), *Triumph of the City: How Our Greatest Invention Makes Us Richer, Smarter, Greener, Healthier, and Happier*, Macmillan, London, 338 pages.
2. Barber, Benjamin R (2013), *If Mayors Ruled the World: Dysfunctional Nations, Rising Cities*, Yale University Press, New Haven, 416 pages.
3. Hollis, Leo (2013), *Cities Are Good for You: The Genius of the Metropolis*, Bloomsbury, London
4. Цели в области устойчивого развития <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/>
5. Юлия Шульга. Устойчивое развитие: что это такое и в чем его значимость. 01.04.2021г. Форбес. Электронный ресурс. <https://www.forbes.ru/obshchestvo/425081-ustoychivoe-razvitiie-cto-eto-takoe-i-v-chem-ego-znachimost>
6. Helen Arfvidsson, David Simon, Michael Oloko & Nishendra Moodley (2017) *Engaging with and measuring informality in the proposed Urban Sustainable Development Goal*, *African Geographical Review*, 36:1, 100-114, DOI: 10.1080/19376812.2015.1130636
7. Simon, D., Arfvidsson, H., Anand, G., Bazaz, A., Fenna, G., Foster, K., Jain, G., Hansson, S., Evans, L. M., Moodley, N., Nyambuga, C., Oloko, M., Ombara, D. C., Patel, Z., Perry, B., Primo, N., Revi, A., Van Niekerk, B., Wharton, A., & Wright, C. (2016). *Developing and testing the Urban Sustainable Development Goal's targets and indicators – a five-city study*. *Environment and Urbanization*, 28(1), 49–63. <https://doi.org/10.1177/0956247815619865>
8. Dania González Couret (2022) *Sustainable urban development. Cuban challenges*, *International Journal of Urban Sustainable Development*, 14:1, 409-411, DOI: 10.1080/19463138.2022.2059487
9. Bradley, K., A. Hult, and G. Cars. 2013. "From Eco-Modernizing to Political Ecologizing: Future Challenges for the Green Capital." In *Sustainable Stockholm: Exploring Urban Sustainability in Europe's Greenest City*, edited by J. Metzger and A. R. Olsson, 168–194. New York: Routledge.

10. Toni Adscheid & Peter Schmitt (2021) *Mobilising post-political environments: tracing the selective geographies of Swedish sustainable urban development*, *Urban Research & Practice*, 14:2, 117-137, DOI: 10.1080/17535069.2019.1589564

11. Инициатива «Устойчивое развитие городов». Всемирный Банк. Электронный ресурс. <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/region/eca/brief/sustainable-cities-initiative>

12. Chinese Academy of Environmental Planning, World Wide Fund for Nature. 2018. "Index Construction and Progress Evaluation Report of SDGs in China 2018."

13. Simon, D., Arfvidsson, H., Anand, G., Bazaz, A., Fenna, G., Foster, K., Jain, G., Hansson, S., Evans, L. M., Moodley, N., Nyambuga, C., Oloko, M., Ombara, D. C., Patel, Z., Perry, B., Primo, N., Revi, A., Van Niekerk, B., Wharton, A., & Wright, C. (2016). *Developing and testing the Urban Sustainable Development Goal's targets and indicators – a five-city study*. *Environment and Urbanization*, 28(1), 49–63. <https://doi.org/10.1177/0956247815619865>

14. Опыт Китая в переходе на рельсы устойчивого развития: построение Зеленой экономики. Набиуллина А. *Мировое и национальное хозяйство*. Учредители: Московский государственный институт международных отношений eISSN: 2713-0983. №1 (47) 2019г 10 стр.

15. Устойчивое развитие Китая в области транспорта пяти словами. Электронный ресурс. Пекин. 25 октября – Вторая глобальная конференция Организации Объединенных нации по устойчивому транспорту прошла в Пекине с 14 по 16 октября, передает KAZAKHSTAN TODAY.

16. Erohina L.D., Chjen Hai Lün *NOVYE TENDENSII RAZVITIA GORODOV KITAIA // Mejdunarodnyi jurnal prikladnyh i fundamentalnyh issledovani. – 2016. – № 7-5. – С. 895-900; URL: https://applied-research.ru/ru/article/view?id=9983 (дата обращения: 15.01.2023).*

17. Эксперты Центра региональных исследований АО «Институт экономических исследований». Электронный ресурс. <https://economy.kz/ru/Mnenija/id=57>

18. Лучшие в мире города для жизни. Электронный ресурс. <https://nonews.co/directory/lists/cities/quality-living-city>

19. ПРООН призывает к устойчивому развитию городов для повышение уровня жизни казахстанцев. Электронный ресурс. 07.02.2020г. <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/press-releases/проон-призывает-к-устойчивому-развитию-городов-для-повышения-уровня-жизни-казахстанцев>

Referenses:

1. Glaeser, Edward L (2011), *Triumph of the City: How Our Greatest Invention Makes Us Richer, Smarter, Greener, Healthier, and Happier*, Macmillan, London, 338 pages.

2. Barber, Benjamin R (2013), *If Mayors Ruled the World: Dysfunctional Nations, Rising Cities*, Yale University Press, New Haven, 416 pages.

3. Hollis, Leo (2013), *Cities Are Good for You: The Genius of the Metropolis*, Bloomsbury, London

4. Tseli v oblasti ystoichivogo razvitiia <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/>

5. İulia Şülga. Ustoichivoe razvitie: chto eto takoe i v chem ego znachimost. 01.04.2021g. Forbes. Elektronnyi resurs. <https://www.forbes.ru/obshchestvo/425081-ustoychivoe-razvitie-chto-eto-takoe-i-v-chem-ego-znachimost>

6. Helen Arfvidsson, David Simon, Michael Oloko & Nishendra Moodley (2017) *Engaging with and measuring informality in the proposed Urban Sustainable Development Goal*, *African Geographical Review*, 36:1, 100-114, DOI: 10.1080/19376812.2015.1130636

7. Simon, D., Arfvidsson, H., Anand, G., Bazaz, A., Fenna, G., Foster, K., Jain, G., Hansson, S., Evans, L. M., Moodley, N., Nyambuga, C., Oloko, M., Ombara, D. C., Patel, Z., Perry, B., Primo, N., Revi, A., Van Niekerk, B., Wharton, A., & Wright, C. (2016). *Developing and testing the Urban*

Sustainable Development Goal's targets and indicators – a five-city study. Environment and Urbanization, 28(1), 49–63. <https://doi.org/10.1177/0956247815619865>

8. Dania González Couret (2022) Sustainable urban development. Cuban challenges, *International Journal of Urban Sustainable Development*, 14:1, 409-411, DOI: 10.1080/19463138.2022.2059487

9. Bradley, K., A. Hult, and G. Cars. 2013. “From Eco-Modernizing to Political Ecologizing: Future Challenges for the Green Capital.” In *Sustainable Stockholm: Exploring Urban Sustainability in Europe’s Greenest City*, edited by J. Metzger and A. R. Olsson, 168–194. New York: Routledge.

10. Toni Adscheid & Peter Schmitt (2021) Mobilising post-political environments: tracing the selective geographies of Swedish sustainable urban development, *Urban Research & Practice*, 14:2, 117-137, DOI: 10.1080/17535069.2019.1589564

11. Inisiativa «Ustoichivoe razvitie gorodov». Vsemirnyi Bank. Elektronnyi resurs. <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/region/eca/brief/sustainable-cities-initiative>

12. Chinese Academy of Environmental Planning, World Wide Fund for Nature. 2018. “Index Construction and Progress Evaluation Report of SDGs in China 2018.”

13. Simon, D., Arfvidsson, H., Anand, G., Bazaz, A., Fenna, G., Foster, K., Jain, G., Hansson, S., Evans, L. M., Moodley, N., Nyambuga, C., Oloko, M., Ombara, D. C., Patel, Z., Perry, B., Primo, N., Revi, A., Van Niekerk, B., Wharton, A., & Wright, C. (2016). *Developing and testing the Urban Sustainable Development Goal's targets and indicators – a five-city study. Environment and Urbanization, 28(1), 49–63. <https://doi.org/10.1177/0956247815619865>*

14. Opyt Kitaiia v perehode na relsy ustoichivogo razvitiia: postroenie Zelenoi ekonomiki. Nabiullina A., Mirovovoe i nasionälnoe hozäistvo. Uchrediteli: Moskovski gosudarstvennyi institut mejdunarodnyh otnoşeni eISSN: 2713-0983. №1 (47) 2019z 10 cmp.

15. Ustoichivoe razvitie Kitaiia v oblasti transporta päti slovami. Elektronnyi resurs. PEKİN. 25 OKTÄBRÄ - Vtoraiia Globälnaia konferensia Organizasii Obedinennyh Nasi po ustoichivomu transportu proşla v Pekine s 14 po 16 oktäbrä, peredaet KAZAKHSTAN TODAY.

16. Erohina L.D., Chjen Hai Lün NOVYE TENDENSII RAZVITIA GORODOV KITAIÄ // Mejdunarodnyi jurnal prikladnyh i fundamentälnyh issledovani. – 2016. – № 7-5. – С. 895-900; URL: <https://applied-research.ru/ru/article/view?id=9983> (дата обращения: 15.01.2023).

17. Eksperty Sentra regionalnyh issledovani AO «Institut ekonomicheskikh issledovani» Elektronnyi resurs. <https://economy.kz/ru/Mnenija/id=57>

18. Luchşie v mire goroda dlä jizni. Elektronnyi resurs. <https://nonews.co/directory/lists/cities/quality-living-city>

19. PROON prizyvaet k ustoichivomu razvitiu gorodov dlä povыşeniia urovnä jizni kazahstansev. Elektronnyi resurs. 07.02.2020z. <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/press-releases/проон-призывает-к-устойчивому-развитию-городов-для-повышения-уровня-жизни-казахстанцев>